



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

мақсатында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметі туралы ақпарат жинау тәртібін, форматын және тетігін белгілеу.

Екінші. "Көлденең аудит". Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігіне аудит жүргізу және нақты мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар шеңберінде оның ел экономикасына әсерін бағалау үшін іріктеу жүргізу.

Үшінші. "Экономикаға әсері". Кейінгі осындай операцияларда талдау нәтижелерін қолдану үшін оң және теріс әсерлерді айқындай отырып, жекешелендіру бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы ақпаратты жинау және талдау.

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігіне аудит жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" және "Мемлекеттік сатып алу" Заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе кейбір шет елдердегідей "мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару туралы" жаңа заң әзірлеу орынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ножкина Т.В. Международный аудит: учеб. пос. / Т.В. Ножкина. — Петропавловск-Камчатский: КамчатГГУ, 2007. — 127 с.

2. Коваленко С.Н. Аудит эффективности: современные проблемы и пути их решения / С.Н. Коваленко, Е.А. Трунова // Научные новости. Сер. Экономика. Информатика. — 2017. — № 2. — С. 68–74.

3. Государственный аудит / под. ред. К.Е. Джанбурчина. — Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2016. — 375 с.

4. Сайт Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://esep.kz/rus/show1/article/147>

5. Правила оценки эффективности управления государственным имуществом, утвержденными приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 11 марта 2015 года № 193.

АУДИТОРЛАРДЫ КӘСІБИЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ САЛАСЫНДА КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кембаев А.К.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: azamatkembayev@gmail.com

Аннотация. Мақалада ішкі аудит жүйесі кадрларының теориялық және практикалық кәсіби даярлығының жеткілікті деңгейде болмауы – ішкі аудиттің өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылып отыр.

Қолданыстағы ішкі аудит жүйесінің бұзушылықтар мен кемшіліктердің алдын алуға және жолын кесуге бағытталмағандығы тұтастылық және жүйеліліктің болмауымен сипатталып, отандық ұйымдарда қолданылатын ішкі аудит жүйесі тиімділікті, нәтижелілік пен үнемділікті арттыруды қамтамасыз етпейдігіне назар аударылады. Ішкі аудит сатылас және деңгейлес түрде барлығын көруі және тегіс қамтуы керек. Ішкі аудит қағидаттарының бұзушылықтарына, аудиттің теріс нәтижесіне әкелетін мәселелердің бірден-бірі ол – шектеулерге және мүдделер қақтығысына жол беру. Ішкі аудитор өз пікірін толық білдіріп, дәлелдеу базасы шүбәсіз және даусыз болуы үшін, тексерілген және сыналған құжаттар мен фактілерге, оқиғаларға ғана сүйенуі керектігі баяндалады.

Аннотация. Недостаточный уровень теоретической и практической профессиональной подготовки кадров системы внутреннего аудита рассматривается в статье как одна из актуальных проблем внутреннего аудита.

Тот факт, что существующая система внутреннего аудита не направлена на предупреждение и пресечение нарушений и недостатков, характеризуется отсутствием целостности и системности, акцентируется внимание на том, что система внутреннего аудита, применяемая в отечественных организациях, не обеспечивает повышение эффективности, результативности и экономичности. Внутренний аудит должен все поэтапно и последовательно видеть и охватывать. Одним из вопросов, приводящих к нарушениям принципов внутреннего аудита, отрицательному результату аудита, является допущение ограничений и конфликта интересов. Внутренний аудитор должен полностью высказать свое мнение, опираться только на проверенные документы, факты, события, чтобы доказательная база была достоверной и бесспорной.

Abstract. The insufficient level of theoretical and practical professional training of the personnel of the internal audit system is considered in the article as one of the actual problems of internal audit.

The fact that the existing internal audit system is not aimed at preventing and suppressing violations and shortcomings, is characterized by a lack of integrity and consistency, attention is focused on the fact that the internal audit system used in domestic organizations does not provide an increase in efficiency, efficiency and cost-effectiveness. Internal audit should see and cover everything step by step and consistently. One of the issues that lead to violations of the principles of internal audit, a negative audit result, is the assumption of restrictions and conflicts of interest. The internal auditor must fully express his opinion, rely only on verified documents, facts, events, so that the evidence base is reliable and indisputable.

Түйін сөздер: аудитор, ішкі мемлекеттік аудит, кадр даярлау, біліктілікті арттыру, кәсіби құзіреттілік.

Біздің елімізде ішкі аудиттің дамуы бастапқы кезеңде тұр. Ішкі аудиттің басты мақсаты ұйым басшылығын анық, объективті және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылғандықтан, дамыған елдерде ішкі аудитке ерекше рөл беріледі. Бірақ Қазақстанда ішкі аудиттің мәні лайықты деңгейде бағаланбай отыр [1].

Ішкі аудиттің ұйымның үнемділігі мен нәтижелілігін арттыруды қамтамасыз ете алмауының бірден-бір себебі осы кезеңде ішкі аудит бухгалтерлік есептіліктің анықтығын тексеруге бағдарланған, себебі ол жіберілген бұзушылықтарды анықтау мен жою үшін жүргізіледі, сондықтан аудитордың берген қорытындыларына пост-фактум сипаты тән [2].

Аудитор салық салу және бухгалтерлік есеп сарапшысы болып табылатындықтан, аудиторлық есеп ұйымның даму перспективаларын қамтуы қажет және консультант және аналитик ретінде болуы керек. Бірақ бұл ұйымның тиімді дамуына жеткіліксіз. Бұл үшін аудитордың жұмысында мүдделер қақтығысы және шектеулер болмау керек, себебі бұл аудит қағидағтарының сақталмауына және теріс салдарға әкелуі мүмкін [1]. Бұл ішкі аудиттің әлсіз қаржылық-ресурстық қамтамасыздандырылуы мен күшейе түседі.

Нәтижесінде ішкі аудит органдарының біліктілігі төмен қызметкерлері жүргізетін сапасыз ішкі аудитке байланысты көптеген проблемалар туындайтыны мәлім. Өз тәжірибемізге сәйкес, ішкі аудит органдары үнемі ішкі аудиторлардың біліктілігін арттырып тұруы қажет. Бұл ретте нақты ұйым үшін өзекті, пайдалы және маңызды болып табылатын, сондай-ақ ішкі аудит қызметкерлерінің өз міндеттерін, соның ішінде мемлекеттік және ағылшын тілдерін жетілдіру міндеттерін ойдағыдай орындауы бойынша мәселелерге қатысты жаңалықтарды есепке ала отырып, біліктілікті арттыру жоспары бойынша оқыту бағдарламасын жыл сайын іске асырған жөн [3].

Оқыту бағдарламасы ішкі аудит департаментінің қажеттіліктерін есепке ала отырып жасалады. Ол теориялық білімді және оның тәжірибе жүзінде қолданылуын қамтамасыз етуі керек. Ішкі аудит қызметкерлерін оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламасы мыналарды қамтуы керек [3]:

- ұйымның мақсаттары мен басымдықтарын;
- қызмет бағыттарының түрлерін;
- алдыңғы оқытуды;
- ішкі аудит қызметкерлерінің тәжірибесі мен біліктілігін ескерген

жөн.

Ішкі аудит органдарының қызметкерлері оқыту бағдарламасынан және ішкі аудит бойынша арнайы білім алудан және біліктілікті арттырудан басқа, арнайы әдебиеттерді қарап, шетелдік ішкі мемлекеттік аудит органдары жүйесімен танысып, ондағы қызметкерлерментәжірибе алмасу үшін конференциялар мен семинарларға қатысу ұсынылады.

Сонымен бірге нарықта кадр жетіспеушілігі байқалады, себебі II санаттағы мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге кандидат мына пәндер бойынша емтихандар тапсыруы тиіс [4]:

- қоғамдық сектор үшін ХҚЕС сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

- ХҚЕС сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

- сәйкестік аудиті;
- тиімділік аудиті;
- қаржылық есептілік аудиті.

Сертификат алғаннан кейін мемлекеттік аудиторлардың көпшілігі квазимемлекеттік секторға кетеді. Бұл мемлекеттік секторда квазимемлекеттік секторға қарағанда жалақының төмен болуымен сипатталады [5].

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ішкі мемлекеттік аудит саласында бірқатар мәселелер анықтап, олардың шешілу жолдарын қарастырдық.

Ішкі мемлекеттік аудит жүйесіндегі негізгі мәселелер және оны шешу бойынша ұсыныстар:

1. Отандық ұйымдарда қолданылатын ішкі аудит тиімділікті, нәтижелілік пен үнемділікті арттыруды қамтамасыз етпейді. Бұл ішкі аудит қағидаттарының бұзушылықтарына, аудиттің теріс нәтижесіне әкелуі мүмкін. Ол үшін:

- Ішкі аудит қызметінде шектеулерге және мүдделер қақтығысына мүлдем жол бермеу керек.

- Аудитордың кәсіби құзіреттілік стандартына сәйкес, ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге білімі мен тәжірибесінің жеткілікті деңгейде болуы.

- Ішкі аудитор тек тексерілген құжаттар, нақты фактілер мен оқиғалар негізінде ғана өз пікірін толық білдіруі керек.

- Оның аудиторлық дәлелдеулер базасы анық, толық және ешқандай күмән келтірмейтіндей болуы керек.

2. Нарықта кадр жетіспеушілігі байқалады, себебі мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену үшін кандидат бес пәннен емтихан тапсырады. Бұл сертификаттау кезінде мемлекеттік аудиторларға қойылатын қатаң талаптарға сәйкес жыл сайынғы жүктеменің артуы және еңбекақының төмендігінен мамандардың тұрақтамауына байланысты болып отыр. Сондықтан сертификат алғаннан кейін мемлекеттік аудиторлардың көпшілігі квазимемлекеттік секторға кетеді. Сол себепті:

- Мемлекеттік аудиторлардың басқа мемлекеттік қызметкерлермен салыстырғанда жауапкершілігінің жоғары болуына байланысты олардың еңбекақысын көтеру;

- Мемлекеттік аудит мамандығының білім алушыларына оқу бітіргеннен кейін бірден емтихан тапсырмай сұхбаттасудан өтіп мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге құқық беру.

3. Ішкі аудиттің басты проблемасы барлық ішкі аудит жүйесі кадрларының теориялық және практикалық кәсіби даярлығының жеткілікті деңгейде болмауы болып табылады, бұл ішкі аудиттің әлсіз қаржылық-ресурстық қамтамасыздандырылуы мен күшейе түседі. Нәтижесінде ішкі мемлекеттік аудит органдарының біліктілігі төмен қызметкерлері жүргізетін

сапасыз ішкі аудитке байланысты көптеген проблемалар туындайды. Тәжірибе көрсеткендей, ішкі мемлекеттік аудит органдары үнемі ішкі аудиторлардың біліктілігін арттырып тұруы қажет. Ол үшін келесі ұсыныстарды енгізу қажет:

➤ Ішкі мемлекеттік аудит органдары ішкі аудит қызметкерлерінің өз міндеттерін, соның ішінде мемлекеттік және ағылшын тілдерін жетілдіру ойдағыдай орындауы бойынша мәселелерге қатысты жаңалықтарды есепке ала отырып, біліктілікті арттыру жоспары бойынша оқыту бағдарламасын жасау;

➤ Оқыту бағдарламасы ішкі аудит департаментінің қажеттіліктерін есепке ала отырып жасалады;

➤ Оқыту бағдарламасы теориялық бөлімді, сондай-ақ алынған білімнің тәжірибелік қолданылуын қамтуы керек;

➤ Ішкі аудит қызметкерлерін оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламасында ұйымның мақсаттары мен басымдықтарын, қызмет бағыттарының түрлерін, алдыңғы оқытуды, ішкі аудит қызметкерлерінің тәжірибесі мен біліктілігін ескерген жөн;

➤ Оқыту бағдарламасынан, ішкі аудит бойынша арнайы білім алудан және біліктілікті арттырудан басқа, ішкі аудит органдарының қызметкерлері арнайы әдебиетті зерделеп, шетелдік әріптестермен тәжіртбе алмасу мақсатында конференциялар мен семинарларға қатысу ұсынылады.

Ішкі аудит сапасын арттыру қажеттілігіне байланысты, оның құқықтық қамтамасыздандырылуын жетілдіру мақсатында орындалуы тиіс шаралар:

- Ішкі аудиттің озық шетел тәжірибесін талдау және есепке алу;
- Қазақстандық ішкі аудит стандарттарын ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік тәжірибе стандарттары негізінде сәйкестікке келтіру қажет;
- Ішкі аудитті әдістемелік қамтамасыз ету және қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы

2. «Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығы

3. Молдашев А.Т.. Ішкі мемлекеттік аудит. «Мемлекеттік аудит» журналы. №4(37) 2017 жыл

4. Мемлекеттік аудит: Оқулық / Алибекова Б.А., Зейнельгабдин А.Б., Карыбаев А.А.-Қ., Мақыш С.Б., Мұхаметкәрім А.М., Нөгербеков С.Н., Нурхалиева Д.М., Тажикенова С.К., Туребекова Б.О., Жаңбыршин К.Е. редакциясымен; Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018ж. – 360 б.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми интернет-ресурсы – [Электрондық ресурс] http://kvga.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?guest_user=anonymous_kgip

АУДИТОРЛАРДЫҢ КӘСІБИЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ

Мақым Ы.Е., Төлеуова А.Т.

E-mail: yrysgul655@gmail.com; aimara_2001@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Мемлекеттік аудит» мамандығының 3 курс студенттері, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: **Бейсенова Л.З.**

Аннотация

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит саласын дамыту жолындағы кәсібилігі мен біліктілігі жоғары деңгейдегі кадрмен мемлекеттік аудит органдарын қамтамыз етудің рөлі ерекше болып табылады. Бұл мақалада мемлекеттік аудиторлардың кәсіби біліктілігін арттырудың маңыздылығын айшықтап, оны жетілдірудің тиімді әдістерін қарастырылады. Шетел тәжірибесіндегі тиімді әсер берген мемлекеттік аудиторлардың біліктілігін арттырудағы жолдарды, факторларды көрсетеді. Өзіндік тиімділікті және де білімді үздіксіз жетілдіріп отыру аудиторлық қызметтің сапасын арттырады. Дамыту жолындағы озық технологиялардың ерекше орны және де ұжым арасындағы ынтымақтастық пен қарым қатынастың маңыздылығы қарастырылады. Білім алмасу мемлекеттік аудиторлардың кәсібилігін арттырудағы ең тиімді әдіс ретінде көрсетілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудиторларды сертификаттау мен қайта даярлау маңызы айқындалды.

Аннотация

Особую роль в развитии сферы государственного аудита в Республике Казахстан играет обеспечение органов государственного аудита кадрами высокого уровня профессионализма и квалификации. В данной статье рассматривается важность повышения профессиональной квалификации государственных аудиторов и рассматриваются эффективные методы ее совершенствования. Более того, статья отражает факторы, пути повышения квалификации государственных аудиторов, оказывающих эффективное влияние на зарубежный опыт. Непрерывное совершенствование самоэффективности и знаний повышает качество аудиторской деятельности. Рассматривается особое место передовых технологий на пути развития, а также важность